

## «ПЕДАГОГ ДАУЫСЫ» АТТЫ АШЫҚ ПІКІР АЛМАСУ АЛАҒЫНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

Қаңтар 2025 жыл

2025 жылдың қаңтар айында «Ақбөбек» балабақшасында «Педагог дауысы» атты ашық пікір алмасу алаңы өткізілді. Іс-шараға педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, балабақша педагогтері мен қызметкерлері қатысты.

Кездесудің мақсаты – педагог мәртебесін арттыру, педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау мәселелерін талқылау, ұжымдық мәдениетті нығайту және педагогтердің кәсіби қызметіне қатысты өзекті мәселелер бойынша еркін пікір алмасу болды.

Іс-шараны педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы Р. Чуйтанова ашып, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңының негізгі бағыттарына тоқталды. Өз сөзінде педагогтердің құқықтары мен міндеттері, кәсіби қызмет барысында заңмен берілген кепілдіктер және педагог беделін көтерудегі әрбір қызметкердің жауапкершілігі туралы кеңінен түсіндірді.

Кездесу барысында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау, педагогтің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, ата-аналармен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнату мәселелері талқыланды. Педагогтер өз ойларын ортаға салып, күнделікті қызмет барысында кездесетін жағдайлар бойынша пікір алмасты.


Пікір алмасу барысында қатысушылар ұжымдағы өзара сыйластық, қолдау көрсету, кәсіби этиканы сақтау және жағымды психологиялық ахуал қалыптастырудың маңыздылығына ерекше тоқталды. Сонымен қатар жас мамандардың кәсіби бейімделуіне қолдау көрсету, тәжірибе алмасу жұмыстарын жандандыру жөнінде ұсыныстар айтылды.

Іс-шараның сұрақ-жауап бөлімінде педагогтер өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінен тиісті жауаптар алды. Қатысушылар тарапынан педагог мәртебесін көтеруге бағытталған жұмыстарды жалғастыру туралы ұсыныстар білдірілді.

Кездесу соңында тәрбиеші Ж.Балгабаева «Ұстаз – ұлы тұлға» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырды. Тренинг барысында педагогтер кәсіби құндылықтар, ұжымдық қарым-қатынас және тұлғалық даму мәселелері бойынша түрлі тапсырмалар орындап, өзара тәжірибе алмасты.

Қорытындылай келе, «Педагог дауысы» атты ашық пікір алмасу алаңы педагогтердің кәсіби көзқарасын дамытуға, педагогикалық әдеп қағидаларын насихаттауға және ұжымдық мәдениетті нығайтуға ықпал етті.

Балабақша директоры:  Р.Чуйтанова

Хатшы:  Ж.Балгабаева